

Бастауыш, негізгі орта және
жалпы орта білімнің жалпы
білім беретін оку
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына окуга
қабылдаудың үлгілік
кағидаларына 2-қосымша

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсете стандарты

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды - КР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 264 (алғашкы ресми жарияланган күнінен кейін
күнтізбелік он күн откен соң қолданыска енгізіледі); жаңа редакцияда - КР Білім және ғылым министрінің 03.06.2021 № 275 (алғашкы ресми
жарияланган күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданыска енгізіледі); өзгеріс енгізілді - КР Оку-агарту министрінің 27.08.2022 №
378 (алғашкы ресми жарияланган күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданыска енгізіледі) бұйрықтарымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атаяу	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал); 2) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсете мерзімі	Қызмет көрсете мерзімі – 30 минут.
4	Мемлекеттік қызмет көрсете нысаны	Электронды (ішінәра автоматтандырылған)/ қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсете нәтижесі	<p>Көрсетілетін қызметті алушыдан қағаз жеткізгіште құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші келетін ұйымға ұсыну үшін тегі, аты, экесінің аты (бар болса), туган күні, сыйныбы, оқыту тілі және мектебі (телефон, пошталық мекен-жай, электрондық пошта мекен-жайы (ресми интернет-ресурс) көрсетілген келу туралы есептен шыгару талонын береді немесе дәлелді бас тартады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алған жағдайда білім алушы келетін көрсетілетін қызметті беруші басқа білім беру ұйымына келу туралы тегі, аты, экесінің аты (бар болса), туган күні, оқыныбы, білім беру ұйымының мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы (ресми интернет-ресурс) көрсетілген есептен шыгару талонын ұсынады.</p> <p>Оқуға келгені туралы есептен шыгару талонының түпнұсқасы (құжаттар басқа орта білім беру ұйымына келгені туралы есептен шыгару талонының түпнұсқасын ұсынғаннан кейін беріледі) білім алушы кететін орта білім беру ұйымынан құжаттарды (білім алушының жеке ісі) алу үшін ұсынылады.</p> <p>Келу туралы сырттай куәліктің түпнұсқасы (құжаттар басқа орта білім беру ұйымына келу туралы сырттай куәліктің түпнұсқасын ұсынғаннан кейін беріледі) білім алушы құжаттарды (білім алушының жеке ісі) алуға кететін орта білім беру ұйымына беріледі.</p> <p>Білім беру ұйымдары білім алушыны орта білім беру ұйымына/ұйымынан қабылдау/ шыгару туралы бұйрықтар шығарады және салыстыру жүргізеді.</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсете кезінде көрсетілген қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс уақыты	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілген қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде отініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсете нәтижелерін беру Кодекске сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады):</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсете орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) www.egov.kz порталында орналастырылған</p>

8	Мемлекеттік қызмет көрсетеү үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>- портал арқылы:</p> <p>1) ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің 2-қосымшасының нысанына сәйкес өтініші (келу мектебі мен кету мектебіне);</p> <p>- көрсетілетін қызметті берушіге (қағаз түрінде)</p> <p>1) ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің 2-қосымшасының нысанына сәйкес өтініші (келу мектебі мен кету мектебіне);</p> <p>2) құжаттарды қабылдау туралы есептен шыгару талоның баланың толық аты-жөні, сыйныбы, оқыту тілі, мектебі, білім беру үйімінің телефондары мен электронды мекен-жайы (ресми интернет-ресурсы) (Казакстан Республикасынан кетуін растигын құжат ұсынатын, Қазақстан Республикасынан кетіп жатқан білім алушыларды қоспағанда) көрсетіледі.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетеуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) сиынп-жинақталымының шамадан тыс толуы</p> <p>2) өтініш беру мерзімі осы қагидаларда белгіленген мерзімге сәйкес келмеуі;</p> <p>3) "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Занының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетеү үшін қажет ететін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.</p>
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсете ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын озге де талаптар	<p>1) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күттідін рұқсат етілген ен ұзак уақыты 15 (он бес) минут.</p> <p>2) қызмет көрсетеудің ең ұзак мерзімі 30 минуттан аспайды.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсете тәртібі мен мәртебесі туралы акпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p>

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы
орталық бойынша ведомстволық
багыныстылығына қарамастан
білім беру үйімдің күжаттарды
қабылдау" мемлекеттік қызмет
корсету стандартына
2-көсімша

Нысан

білім беру үйімдің атапу

директордың ТАӘ
(болған жағдайда)
кімнен _____
ата-ананың (занды өкілдің)
ТАӘ (болған жағдайда)
Телефоны: _____

Өтініш

Менің _____

(білім беру үйімдің толық атапу)

_____ сыйынта білім алғын балам

(Т. А. Ә. (болған жағдайда))

(елді мекениң, ауданның, қаланың және облыстың атапу)

тіркелген мекенжайы бойынша

(білім беру үйімдің толық атапу) ауыстыруды сұраймын.

Акпараттық жүйелерде қамтылған замен коргалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

_____ "___" 20__ жыл

(қолы)